29.10.2026-ғы № 16-08/6134 дз шығыс хаты

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІ

ПРАВИТЕЛЬСТВО РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№_____

Қазақстан Республикасы
Құрылтайының депутаттарына

2026 жылғы 8 қазандағы
№ ДС-59 сауалға

Құрметті депутаттар!

Егде жастағы адамдарға ұзақ мерзімді күтім жасаудың бірыңғай жүйесін әзірлеуге қатысты сауалды қарап, мынаны хабарлаймыз.

Қазақстанда белсенді ұзақ өмір сүруді қамтамасыз етуге, денсаулықты сақтауға, әлеуметтік белсенділікті қолдауға және аға буынға қажетті көмек көрсетуге бағытталған шаралар жүйелі түрде іске асырылуда.

Бұл бағытта қарт адамдарды әлеуметтік қорғау және медициналық қызмет көрсету бойынша заңнамалық және нормативтік база қалыптастырылған.

***Анықтама**: Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексі, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодексі, Гериатриялық және геронтологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарты және Халықты әлеуметтік қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарты.*

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жанында Аға буын мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия жұмыс істейді. Комиссияның қызметі – қарт адамдарға көмек көрсету тетіктерін жетілдіру.

2029 жылға дейінгі аға буынның жағдайын жақсарту жөніндегі жоспар бекітілген. Онда қолайлы орта қалыптастыру, әлеуметтік оқшауланудың алдын алу, ұзақ мерзімді күтім жүйесін дамыту, арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді жетілдіру, қажетті көмек ұйымдастыру мақсатында жалғыз тұратын қарт адамдарды анықтау бағытындағы іс-шаралар көзделген.

Негізгі бағыттардың бірі – белсенді ұзақ өмір сүру орталықтарын дамыту. Қазіргі уақытта елімізде 132 орталық жұмыс істейді.

***Анықтама**: аудандық және ауылдық елді мекендерде – 82, облыстық және республикалық маңызы бар қалаларда – 50.*

Орталықтарда емдік дене шынықтыру, йога, скандинавиялық жүріс, би, шахмат, қолөнер, шет тілдерін және цифрлық сауаттылықты үйрену сабақтары, мәдени, спорттық және білім беру іс-шаралары ұйымдастырылады. Психологтар мен заңгерлердің консультациялары қарастырылған.

Денсаулық сақтау саласында гериатриялық көмек жасқа байланысты аурулардың алдын алуға, сырқаттанушылыққа, мүгедектік пен өлім-жітімді төмендетуге, өзін-өзі күту қабілетін сақтау мен өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған.

Әлеуметтік қорғау саласында қарт адамдардың жеке қажеттіліктерін ескеру, олардың дербестігі мен қадір-қасиетін сақтау, таңдау құқығы мен өздеріне үйреншікті ортада тұруды қамтамасыз ету тәсілі іске асырылуда. Қызметтер

29.10.2026 Копия электронного документа.

стационарлық және жартылай стационарлық жағдайларда, үйде және уақытша болу жағдайларында көрсетіледі.

***Анықтама**: арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсету адамның денсаулық жағдайы, жасы, дербестік дәрежесі, бөгде адамның көмегіне мұқтаждығын, жеке қажеттіліктерін бағалау негізінде жүзеге асырылады. Бағалау нәтижелері бойынша дербестік дағдыларын қолдауға, әлеуметтендіруге бағытталған жеке жоспар әзірленеді.*

Аталған жұмыстарды одан әрі жетілдіру үшін халықаралық тәжірибе зерделенді. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының қарт адамдарға интеграцияланған күтім көрсету жөніндегі ICOPE[1] ұсынымдары мен Сингапурдың, Жапонияның тәжірибелері негізінде қолданыстағы жүйе жетілдірілуде.

Белсенді ұзақ өмір сүру орталықтарының функцияларын кеңейту.

Белсенді ұзақ өмір сүру орталықтарын профилактикалық жұмыс жүргізу, әлеуметтік тәуекелдерді анықтау, азаматтар мен олардың отбасы мүшелеріне консультация беру, цифрлық сауаттылық дағдыларына үйрету, әлеуметтік және медициналық қызметтердің өзара байланыстылығын ұйымдастыру алаңдары ретінде кезең-кезеңімен дамыту көзделеді.

Ұзақ мерзімді күтімге қажеттілікті бағалаудың бірыңғай тәсілін енгізу.

Аға буынның жағдайын бағалаудың бірыңғай ведомствоаралық тәртібін әзірлеу мәселесі пысықталады. Яғни, адамның өзін-өзі күту қабілеті, жүріп-тұру мүмкіндігі, когнитивтік функциялары, денсаулық жағдайы, әлеуметтік ортасы және бөгде адамның көмегіне мұқтаждығы ескеріледі. Бағалау нәтижелері бойынша әлеуметтік, медициналық, оңалту қызметтерінің қажетті көлемі, оларды көрсету жиілігі мен азаматтың жағдайы өзгерген кезде қайта бағалау жүргізу тәртібі айқындалады.

Көмек алудың жеке маршрутын қалыптастыру.

Бір мезгілде медициналық көмекке, оңалтуға және әлеуметтік қызметтерге мұқтаж қарттарға көрсетілетін қызметтерді үйлестіру тетігі көзделеді. Бұл бағытта денсаулық сақтау ұйымдары мен халықты әлеуметтік қорғау ұйымдарының өзара іс-қимыл тәртібі, қажеттіліктеріне қарай үйлестіруші бекітіледі. Нәтижесінде қарт адам әрбір ұйымға жүгінусіз қажетті көмекті алады.

Үйде көмек көрсету мүмкіндіктерін кеңейту.

Үйде көрсетілетін қызметтер тізбесін кеңейту және олардың қолжетімділігін арттыру қажеттігі зерделенеді. Сондай-ақ күнделікті тұрмыстық қызметке көмек көрсету, азық-түлік жеткізу, медициналық ұйымдарға бару кезінде сүйемелдеу, оңалту шараларынан өтуге жәрдемдесу шаралары қамтылады. Бөгде адамның көмегіне мұқтаж қарт адамдарға тұрақты күтім жасайтын жақын туыстарын қысқа мерзімге алмастыруға мүмкіндік беретін уақытша күтім қызметтері дамытылады.

Қолдауға мұқтаж қарт адамдарды ерте анықтау жүйесін дамыту.

Жалғыз тұратын қарт және қозғалу мүмкіндігі шектеулі адамдарды, әлеуметтік оқшаулану және өзіне-өзі қызмет көрсету қабілетін жоғалту қаупі бар адамдарды анықтау бойынша атаулы жұмыс жүйелі негізде жүргізіледі.

---

[1] *ICOPE (Integrated Care for Older People) — Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының егде жастағы адамдардың физикалық және психикалық қабілеттерін сақтауға бағытталған, алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсету жүйесі шеңберінде іске асырылатын жаһандық стратегиясы.*

Бұл ретте дербес деректерді қорғау туралы заңнама талаптарын ескере отырып, әлеуметтік қызметкерлердің, алғашқы медициналық-санитариялық көмек ұйымдарының, белсенді ұзақ өмір сүру орталықтарының және жергілікті атқарушы органдардың өзара іс-қимылы – негізгі құралдардың бірі.

Цифрлық өзара іс-қимылды жетілдіру.

Отбасының цифрлық картасын жүйедегі мәліметтер негізінде қолдауға мұқтаж болуы мүмкін адамдарды алдын ала анықтау үшін пайдалануға болады *(дербес деректер туралы заңнама талаптарын сақтай отырып).*

Қазіргі таңда Отбасының цифрлық картасында қарт адамдардың функционалдық жағдайын бағалауға мүмкіндік беретін бірқатар мәліметтер бар.

Келесі кезең – қарт адамның бөгде адамның көмегіне тәуелділік дәрежесін айқындау. Осы мақсатта денсаулық сақтау және халықты әлеуметтік қорғау ұйымдары арасында мәліметтер алмасу, жеке қажеттіліктерді бағалау нәтижелерін есепке алу, қолданыстағы цифрлық жүйелердің функцияларын қайталамай, көрсетілетін қызметтерге мониторинг жүргізу пысықталатын болады.

Ұзақ мерзімді күтім жүйесінің кадрлық әлеуетін дамыту.

Өңірлердің қажеттіліктерін талдау негізінде қажетті кадрлық ресурстар *(әлеуметтік қызметкерлер, күтім көрсететін мамандар, медицина қызметкерлері, оңалту мамандары және психологтар)* айқындалады.

Бұған қоса, жүріп-тұру мүмкіндігі шектелген, когнитивтік бұзылыстары бар және бөгде адамның көмегіне жоғары дәрежеде мұқтаж азаматтарға күтім көрсету мәселелері бойынша біліктілікті арттыру бағдарламалары, жақын туыстарын күтім көрсетудің негізгі дағдыларына үйрету бағдарламалары әзірленеді.

Аға буын үшін қолжетімді орта қалыптастыру.

Елімізде кедергісіз инфрақұрылымды дамыту, қоғамдық кеңістіктерді бейімдеу және әлеуметтік объектілердің қолжетімділігін арттыру жұмыстары белсенді түрде жүргізілуде. Жаңа көппәтерлі тұрғын үй кешендерін жобалау кезінде қарт адамдардың демалуына, күнделікті қарым-қатынасына арналған жеке үй-жайларды міндетті түрде көздеу талаптары Құрылыс кодексінде қарастырылған.

Қосымша шаралар ретінде қолданыстағы қоғамдық кеңістіктер мен үй-жайларда іс-шаралар өткізу, консультациялар ұйымдастыру және тұрғылықты жері бойынша әлеуметтік, медициналық және оңалту қызметтерін көрсету мүмкіндігі зерделенуде.

Осындай қолайлы жағдай жасау үрдісі қалалық, ауылдық және шалғай елді мекендерді қоса алғанда, еліміздің барлық өңірінде жүзеге асырылуда. Аталған жұмыс жүйелі түрде жалғасатын болады.

Осылайша бұл бағыттағы жұмыстар Үкіметтің бақылауында және елімізде қарт адамдарға әлеуметтік қолдау және күтім көрсету бойынша нақты жұмыстар жүйелі түрде жалғасады.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі **О. Бектенов**

Орын. Ж. Дәулетханова, 74-53-71